

«Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Мақат аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағытында жүргізілген ішкі талдау анықтамасы

27 маусым 2025 жыл

Мақат кенті.

Талдау жүргізуге негіз: Мақат аудандық ауруханасының (бұдан әрі текст бойынша – Кәсіпорын) 2025 жылғы 21 мамырдағы №154 бұйрығы негізінде арнайы жұмыс тобы құрылды.

Талдаудың мақсаты мен міндеті: Кәсіпорын қызметінің бағыты бойынша қолданылатын нормативтік-құқықтық актілердегі және мемлекеттік қызмет көрсету бағытында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау мерзімі: 2024 жылы және 2025 жылдың қаңтар – мамыр аралығы.

Талдау жүргізу уақыты: 26.05.-26.06.2025ж., аралығы.

Жұмыс тобының құрамы:

1. Айтмағамбетова Айгул Ермековна (директордың орынбасары – жұмыс тобы төрайымы).
2. Таганиязова Шолпан Есеновна (бас медбике)
3. Уразова Назгул Нурлановна (бас есепші).
4. Қадимов Нұрғаділ Аманқұлұлы (мемлекеттік сатып алу маманы).
5. Тайпанов Едил Маратович (заңгер)

Жұмыс тобы үш бағыт бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді:

- 1) Есеп бөлімі, 2) мемлекеттік сатып алу саласы, 3) стационарлық көмек.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығында көрсетілген негізгі бағыттарға сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізді.

Кәсіпорын қызметін ұйымдастырушылық – басқарушылық және мемлекеттік қызмет көрсету бағыттары бойынша қолданылатын нормативтік-құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағытында келесідей құқықтық актілер зерделенді; **ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ** Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы, "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету қағидаларын, сондай-ақ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға қажеттілікті қалыптастыру қағидалары мен әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-89 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу

туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-75 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9 тамызда № 29062 болып тіркелді. Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 4 қарашада № 21579 болып тіркелді. Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 20 қарашада № 21660 болып тіркелді, «Қазақстан Республикасында акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 26 тамыздағы № ҚР ДСМ-92 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 28 тамызда № 24131 болып тіркелді.

Жоғарыда көрсетілген нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

1. Мемлекеттік сатып алу қызметі - қызметті қозғайтын нормативтік құқықтық акті; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы.

Мемлекеттік сатып алу келісім шарттарын тексеру барысында, 2024 жылдың 9 қазанында аудандық ауруханамен «Pharmalogica» ЖШС-гі арасында №30 «Aquilion Lightning» компьютерлік томография жүйесін, сатып алу туралы 522 673 500 (бес жүз жиырма екі миллион алты жүз жетпіс үш мың бес жүз) теңгеге келісім шарты (бұдан әрі-Шарт) жасакталған, товарды жеткізу мерзімі келісім шарттың №1 қосымшасына сәйкес күнтізбелік 120 күн яғни, товарды жеткізіп іске қосу мерзімінің шекті күні 2025 жылдың 6 ақпаны. Алайда мердігер тарап товарды уақытынан 11 күнге кешіктіріп іске қосу жұмыстарын 2025 жылдың 17 ақпанында жасаған, шарттың 28 тармағына сәйкес, мердігер тарапынан кешіктіру орын алған жағдайда, шартты қамтамасыз етуден ұстап қалуды немесе тұрақсыздық айыбын өндіру көзделген.

Шарттың 30 тармағына сәйкес, «товарды жеткізудің мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді»-делінген, тұрақсыздық айыбын сотка мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіру қажет.

Мемлекеттік сатып алу қызметіне қатысты, Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына 5 749 408 (бес миллион жеті жүз қырық тоғыз мың төрт жүз сегіз) теңгеге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызбен жүгінуге ұсыныс берілді.

Мемлекеттік сатып алу қызметіне жауапты маманға тәртіптік шара қолданылып, алдағы уақытта осы тектес бұзушылықтар қайталанбасы үшін арнайы жауапты маман ескертілген.

Мемлекеттік сатып алу қызметінде басқадай мүдделер қақтығысы анықталған жоқ, қызмет толыққанды электронды жүйеге көшірілген.

Есеп бөлімі арқылы басқа облыстан келген жас мамандарға пәтер жалдау ақысын төлеу жөнінде келісім шарттары жасақталған, 4 дәрігердің Тұрғынжайды жалға алу/беру келісім шарттары сараланды, келісім шарттар мемлекеттік тілде жасақталған, Шарттың 2.2. тармағында Жалға берушінің міндетті көрсетілген алайда ҚР Азаматтық кодексінің 548 бабының талаптары көзделмеген яғни, Жалға беруші жалға берілген мүліктің оны пайдалануға толық немесе ішінара кедергі жасайтын кемшіліктері үшін, тіпті ол шарт жасалған кезде бұл кемшіліктер туралы білмесе де, жауап береді.

Осындай кемшіліктер табылған жағдайда жалға алушы жалға берушіден өз қалауы бойынша:

- 1) мүліктің кемшіліктерін тегін жоюды;
- 2) жалдау ақысын соған мөлшерлес азайтуды;
- 3) жалға берушіге бұл туралы алдын ала хабарлай отырып, сол кемшіліктерді жою жолында өзі жасаған шығындар сомасын мүлікті пайдаланғаны үшін төленетін төлемнен ұстап қалуды;
- 4) шартты мерзімінен бұрын бұзуды талап етуге құқылы.

Тұрғынжайды жалға алу/беру келісім шартына толықтыру енгізу туралы ұсыныс берілді.

2. Дәрігерлік консультациялық кеңес қызметі - қызметті қозғайтын нормативтік құқықтық актілер; ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі, Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығы.

Медициналық іс құжаттарды рәсімдеу кезінде (анықтамалар, еңбекке жарамсыздық парақшылары, қорытындылар және т.б.,) жүгінушінің жеке басын анықтау, осы қызметке жүгінушінің делдалдық қызметке жүгінбеуін қатаң бақылауға алу бағытында медициналық сараптама комиссиясы құрылған және ем алушылар мен тұрғындардың амбулаторлық медициналық картасы электрондық нысанға ауыстырылып, дәрігерлердің қабылдауына жазылу электрондық кезек арқылы бір жүйеге қойылды, ашықтық жағынан жаңа технологиялық даму, электронды денсаулық сақтау жүйесі принциптерімен жұмыс жасауды қолға алудың оңтайлы бағыттарының бірі, осы бағыт өз кезегінде сыбайлас жемқорлық фактілерін алдын-алуды және оны мүлдем болдырмауға үлкен септігін тигізіп келеді.

Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру, «Damumed» Медициналық ақпараттық жүйесі» бағдарламасы арқылы жүргізіледі, нуқастың жұмыс орыны мәліметтері диагнозы толық тіркеліп арнайы қатаң есептегі бланкімен беріледі.

2024 жылдың 12 айында 10646 еңбекке уақытша жарамсыздық парағы берілген.

2025 жылдың қаңтар – мамыр айларында 3677 еңбекке уақытша жарамсыздық парағы берілген.

Қызмет алу мерзімі бұзылған фактілер анықталған жоқ.

Мемлекеттік қызмет алу бағытында жеке және заңды тұлғалардан арыз шағымдар түспеген.

Берілген еңбекке жарамсыздық парақтары бойынша мүдделер қақтығысы анықталған жоқ, қызмет барынша электронды жүйеге көшірілген.

3. Аурухананың стационарлық бөлімі тексерілді;

Стационарлық бөлімдер орналасқан ғимарат екі қабатты, бірінші қабатында перзентхана бөлімі және екінші қабатында жалпы стационарлық бөлімдері орналасқан.

Перзентхана бөлімінде және стационарлық бөлімде, жалпыға бірдей көрнекті жерлерге тұрғындардың сана сезімінде сыбайлас жемқорлықтың кері салдарын қалыптастыратын жадынамалары орналастырылмаған.

Мақат аудандық ауруханасының жанынан құрылған ішкі аудит және пациенттердің құқын қорғау бөлімі өз жұмысын одан әрі жалғастыруда, аурухананың басшылық лауазымдағы қызметкерлеріне, «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресуге бағытталған шараларды күшейту туралы» арнайы бұйрықпен қосымша міндеттер жүктелді.

2024 жылдың 12 айында және 2025 жылдың қаңтар – мамыр айлары аралығының көрсеткіші бойынша аудандық аурухананың медицина қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық бағытында ешқандай құқық бұзушылықтар анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсыныстар:

1. Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына 5 749 408 (бес миллион жеті жүз қырық тоғыз мың төрт жүз сегіз) теңгеге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арыз беруге.

2. Тұрғынжайды жалға алу/беру келісім шартына толықтыру енгізуді.

3. Перзентхана және жалпы стационарлық бөліміне, жалпыға бірдей көрнекті жерлерге тұрғындардың сана сезімінде сыбайлас жемқорлықтың кері салдарын қалыптастыратын жадынамалары орналастыру.

4. Ұжымда адал еңбек культін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру.

Айтмагамбетова Айгул Ермековна (директордың орынбасары – жұмыс тобы төрайымы) _____

Таганиязова Шолпан Есеновна (бас медбике) _____

Уразова Назгул Нурлановна (бас есепші) _____

Тайнанов Едил Маратович (комплаенс офицері) _____

